

#11

(947)

19 мамыр
2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

**МЫЗҒЫМАС
ДОСТЫҚ ПЕН
ӨЗАРА ҚОЛДАУ****2-БЕТ****БЕС ҰЛЫҢ
БИІККЕ ӨРЛЕДІ****6-7-БЕТ****«ҰШЫП БАРА
ЖАТҚАН СӨЗДІ
ҰСТАП АЛАТЫН
ӘЛІМБАЕВ»****8-9-БЕТ**Қазақстанда
жыл**30****Табысты серіктестікке
30 ЖЫЛ****Болашаққа бірге ұмтыламыз**

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырып алып қуаттың көзіне айналды. Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды. Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында**the
human
energy
company**

BRENT \$76.45

USD 447 T

EUR 483 T

RUB 5,55 T

ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ

ОСЫ АПТАДА ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН БАРДЫ. СИАН ҚАЛАСЫНДА ӨТЕТІН «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ» ФОРУМЫНЫҢ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ САПАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІНДЕ БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ.

Кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Ши Зиңпиннің өзара қарым-қатынасты дамытуға қосқан өлшеусіз үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді. Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Қазақстан үшін Қытай Халық Республикасының орны ерекше. Ынтымақтастығымыз мызғымас достыққа және өзара қолдауға негізделген. Екіжақты қарым-қатынасты жандандыру жолындағы мақсатымыз – ортақ. Аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті, өзара ықпалдастықты нығайтуды көздейтін мұратымыз да – бір. Біз үшін Қытаймен мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестікті әрмен қарай дамыту маңызды», - деді.

ҚХР Төрағасы Ши Зиңпин Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық ілтипат білдіріп, 70 жас мерейтойымен құттықтады. «Осындай айтулы күні Сіз Қытайға мемлекеттік сапармен келіп отырсыз. Бұл біздің екіжақты ынтымақтастығымыздың жоғары деңгейде екенін көрсетеді және Қытаймен тығыз байланыстарыңызды тағы да растайды. Қытай мен Қазақстан қытай-қазақ қатынастарының жаңа «алтын 30 жылдығына» қадам басты. Біздің елдеріміз достық, өзара қолдау дәстүрін дамытып, тиімді ынтымақтастықты

МЫЗҒЫМАС ДОСТЫҚ ПЕН ӨЗАРА ҚОЛДАУ



«ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ КӨБІНЕСЕ КӨЛІК-ТРАНЗИТ САЛАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ. БҮЛ ЖЕРДЕ СІЗДІҢ АУҚЫМЫ ЖАҒЫНАН БІРЕГЕЙ «БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ» БАСТАМАҢЫЗДЫҢ АЯСЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫМЫЗДЫ ЕРЕКШЕ АТАП ӨТКІМ КЕЛЕДІ. ОСЫ ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА «БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ» ЖОБАСЫН БІРЛЕСІП ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ЕЛЕУЛІ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ. СИАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРҒАҚ ПОРТЫНДА ЛОГИСТИКА ОРТАЛЫҒЫ ІРГЕТАСЫНЫҢ ҚАЛАНУЫ БІЗДІҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРЫМЫЗДЫҢ ТАҒЫ БІР БЕЛЕСІ БОЛМАҚ.

КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІН ӘРТАРАПТАНДЫРУ АЯСЫНДА ТРАНСКАСПИЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК БАҒДАРЫНЫҢ (ТХКБ) ӘЛЕУЕТІН БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНУДЫ ҰСЫНАМЫН».

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

тереңдетуі қажет, – деді ҚХР Төрағасы.

Кездесу барысында тараптар екі елдің сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, білім және ғылым, қаржы салаларындағы жан-жақты ынтымақтастығын дамыту, көлік-транзит әлеуетін арттыру мәселелерін талқылады. Сондай-ақ олар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Келіссөзден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ши Зиңпин Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Сондай-ақ екі ел делегациясы мүшелерінің бірқатар маңызды құжатқа қол қою рәсімі өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары аясында құны 22 млрд доллар болатын 47 құжатқа қол қойылды.

«ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ – МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ МІНДЕТІ. АНА МЕН БАЛАНЫ ҚОРҒАУ – БІЗДІҢ САЯСАТЫМЫЗДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ».

АСТАНАДА ӨТКЕН «ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АТА-АНАЛАР ФОРУМЫНДА ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, ПРЕЗИДЕНТ ЖАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ТӨРАҒАСЫ АИДА БАЛАЕВА СӨЗ СӨЙЛЕП, ҚАЗІРГІ ТАҢДА ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ АРАСЫНДАҒЫ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ КҮН САНАП АРТЫП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫНА ТОҚТАЛДЫ.

*** Мына

жағымсыз

статистикаға назар

аударыңызшы:

2022 жылы

елімізде кәмелетке

толмағандар

арасында суицидтің

155 және өз-өзіне

қол жұмсаудың 309

фактісі тіркелді!

2023 жылдың 4

айында кәмелетке

толмағандар

арасында өз-өзіне

қол жұмсаудың 47 фактісі және өзіне

қол жұмсауға оқталудың 137 фактісі

болған. Ата-аналар балаларын

дәстүрлі емес діни секталар

мен топтарға тарту фактілері де

жиілеп барады. ҰҚК мәліметі

бойынша, қазір елімізде ата-анасы

деструктивті діни көзқарасты

ұстанатын 2383 бала бар.

*** Жыл басынан бері әлеуметтік

желілерде ұрып-соғу, жаппай

төбелес, жоғары сынып оқушылары

мен жастар арасындағы жанжалдар

бар бейнероликтер қаптап кетті.

Өскемендегі сауда орталықтарының

бірінде оқушы қызды ұрып-соққан

атышулы оқиға болды. Семей

қаласының елді мекендерінде де

оқушы қыздарға қатысты осындай

оқиғалар тіркелді. Жалпы жастар

арасында ерекше қатыгездікке

бой алдырған оқиғаларының

көбеюін атап өткен жөн. Соның

Аида БАЛАЕВА: ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЗЕГІ

нәтижесінде бүгінгі күнгі мәлімет бойынша ІІБ есепте 3 924 бала тұрса, 6 278 бала мектеп есебінде тұр.

*** ІІМ биыл жыл басынан бері ғана 5 мыңнан астам шетелдік заңсыз интернет-ресурстарды, оның ішінде порнографиялық материалдарды таратып келген 500-ден астам ресурсты анықтады. 2022 жылы уәкілетті органның заңнаманы бұзған жәйттерді жою туралы ұсыныстары бойынша интернет-ресурстардың меншік иелері мен әкімшіліктері 65 мыңға жуық құқыққа қарсы материалдарды жою жөнінде шаралар қабылдады. Оның 53 мыңнан астамы – терроризм, діни және этникалық экстремизм идеологиясын таратқаны үшін, екі мыңға жуығы есірткі және психотроптық заттарды насихаттағаны үшін, 4 мыңнан

астамы порнография, қатыгездік пен суицидке итермелеу фактісі үшін, жеті жүзден астамы «Ойын бизнесі туралы» Заңды бұзғаны үшін, мыңға жуығы – қаржы пирамидалары бойынша. Сондықтан интернет-кеңістікті заңнамалық деңгейде реттеудің нақты тетіктерін әзірлеу қажет.

*** Жоғарыда аталған мәселелер мемлекеттік органдардың жастар арасында идеологиялық жұмыстың



жоқтығын немесе нашарлығын да көрсетеді. Жергілікті органдардың, атап айтқанда, жастар саясаты басқармаларының жұмысының тиімділігіне қатысты да белгілі сұрақтар туындайды. Олардың қызметі көбінесе дөңгелек үстелдер ұйымдастыруға және іс жүзінде көмекке мұқтаж емес жастардың белсенді бөлігімен жұмыс істеуге бағытталған. Бірақ негізгі жастар қауымымен тыңғылықты жұмысқа жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Біз балаларымыздың негізгі ақпаратты көшеден іздейтінін, түрлі азғырулар мен деструктивті әрекеттердің ықпалына ілігіп, мыңдаған жасөспірімнің неліктен өмірмен қоштасқысы келетін себептерін жүйелі түрде зерделеуіміз керек».



ЖЫЛ БОЙЫ ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ЖҮГІНБЕГЕН ТҰРҒЫНДАР МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ (МӘМС) ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ 50 ПАЙЫЗЫН ҚАЙТАРУЫ КЕРЕК ПЕ? МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ АСХАТ РАХЫМЖАНОВ ОСЫНДАЙ МӘСЕЛЕ КӨТЕРІП, ӨЗ ОЙЫН ОРТАҒА ТАСТАДЫ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ АЖАР ҒИНАЯТТЫҢ ӨЗ УӘЖІ БАР.

Асхат РАХЫМЖАНОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

МӘМС ЖАРНАСЫН НЕ ҮШІН ТӨЛЕЙТІНІН ТҮСІНБЕЙТІНДЕР БАР



«Ауылдағы адамдардың көпшілігінде тұрақты табыс жоқ, олар аударым жасамайды. Флюорографиядан өтпейді, тегін дәрі-дәрмек немесе медициналық кеңес ала алмайды. Өйткені жарна төлеуші емес. Еліміздің әрбір алтыншы азаматы МӘМС жүйесінде

тіркелмеген. Демек жүйе жұмыс істемейді және сапалы медициналық қызмет алу үшін халықтың сұранысына тиісті дәрежеде жауап бермейді.

МӘМС жүйесін қазақстандықтардың 15 пайыздан астамы пайдаланбайды.

Бірақ дәрігерге жүгінбесе де жарна төлеуге міндетті. Рұқсат етілген жарнаның ең жоғарғы сомасы айына 14 мың теңге болғанда, адам жылына 170 мың теңгеге жуық төлейді. Егер ауырып қалса, мемлекеттік емханада кезекте тұрмау үшін жеке меншік емханаға жүгінуді жөн көреді. Неліктен дені сау азаматтар жиі ауыратындар үшін қызмет ақысын төлеуі керек?

Жалпы кей адамдар бұл қаражатты не үшін төлейтінін түсінбейді. Көптеген аналар 7 жасқа дейінгі баласы ауырғанда дәрілер тегін берілетінін білмейді. Осының бәрін түсіндіру керек еді. МӘМС жүйесінен ат төбеліндей адам ғана пайда көріп отыр. Менің ойымша, мемлекет медицинаны тегін ете алады».

Ажар ҒИНАЯТ,
денсаулық сақтау министрі:

МӘМС-КЕ ТӨЛЕНГЕН АҚША ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ

«Жылдар бойына қосымша қаражат түсті, денсаулық сақтау саласына инвестиция құйылды. Жаңа технологиялар пайда болды. Қымбат көмек қазір қолжетімді, екі миллионға жуық адам тегін дәрі-дәрмек алды, қазір төрт миллион болды. Міндетті медициналық сақтандыруды енгізудің арқасында біз халықтың денсаулығын жақсарттық.

Ақша қайтарылмайды. Мәселен, биыл жарна төлеген азамат ауырып-сырқамаса, онда жылына орта есеппен түсетін 100 мың теңгенің 50 мың теңгесін оған қайтару қарастырылмаған. Себебі келесі жылы оған 1 млн теңгенің медициналық көмегі керек болатын шығар... Бұл көмек барлығына бірдей қолжетімді болуы үшін қаражат қайтарылмайды.

МӘМС жүйесі халықтың ахуалын жақсартуға оң әсерін тигізген. Мысалы, коронарографияны, миокард инфаркті кезіндегі жіті коронарлық синдром дертін алайық, бұл дертті емдеу құны – 1,2-1,5 миллион теңгенің айналасында. Ал бұл жүйе бұрыннан «дені сау адамдар науқастар үшін, байлар кедейлер үшін төлейтін ынтымақты жүйе» ретінде құрылған».



**АСҚАР НЕСІПБЕКОВ –
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
ТУМАСЫ. ОНЫҢ ТЕМІРЖОЛ
САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНІНЕ
БИЫЛ 35 ЖЫЛ БОЛЫПТЫ.
ӨЗІНІҢ АЙТУЫНША, ЕҢ
АЛҒАШҚЫ ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫН
ӘСКЕРГЕ БАРМАЙ ТҰРЫП
БАСТАҒАН.**

«Әскерден келгеннен кейін Үштөбе қаласындағы құрылыс комбинатында бір жыл жұмыс істедім. 1988 жылы Қонаев қаласындағы №46 жол бөлігіне жұмысқа орналастым. Ең алғашқы мамандығым жол монтері еді. Одан кейін пойыз жолын реттеуші, машинистің көмекшісі болдым. Сөйтіп 2022 жылға дейін машинистің көмекшісі болып бір салаға 35 жыл өмірімді арнадым. Қазір денсаулығым байланысты басқа салаға ауыстым», – дейді.

Еңбекқорлықтың арқасында кез келген қиындықтан сүрінбей өтуге болады. Әсіресе, халыққа қалтқысыз қызмет көрсететін саланың қиындығы да, қызығы да мол. «Еңбекпен тапқан нан тәтті» деген ағамыз бір салада талмай қызмет етуінің сырын былай деп түсіндірді: «Мен еңбекке ерте жастан араластым. Теміржол саласының жұмысы қиын. Қажырлы қайратты талап етеді. Күннің ыстығы, қыстың суығы, күздің жаңбыры демейсің. Қандай ауа райы болса да жұмыс тоқтамауы керек. Бұл салаға қызыққаным соншалық, теміржолшы өтетін сатының барлығынан өттім. Менде теориядан гөрі тәжірибе басым дер едім. Теміржолдағы ауыр жұмыстарды атқаратын еңбекқор азаматтарды жоғары бағалаймын. Әрине, бұрындары қиын кезеңдерден өттік. Ол кездерде жұмыс бірінші орында болатын. Ол өзіңнің жұмысыңа деген үлкен жауапкершілік деп ойлаймын.

Жұмысқа ерте жастан араласқанның арқасы да болар. Біз ол кезеңдерден сүрінбей өттік. Меніңше, әрбір азамат өзі қалаған іспен айналысуы керек. Жүрегің қалаған мамандықты игерсең, оны тастап кетпейсің. Одан



**АСҚАР НЕСІПБЕКОВ:
ЕҢБЕКСҮЙГІШТІККЕ
БАЛА КЕЗДЕН
БАУЛЫҒАН ДҰРЫС**

бөлек, отбасың мен еліңе деген жауапкершілік болуы керек. Егер ер азаматтың бойындағы жауапкершілік жоғары деңгейде болса, ол азамат кез келген істе жетістікке жетеді деп ойлаймын. Бір орында тапжылмай жұмыс істеудің тағы бір қыры – тұрақтылық. Еңбекқорлық пен тұрақтылық әр ер азаматтың бойында болуы керек қасиет деп санаймын», – дейді кейіпкеріміз.

Асқар Несіпбеков жалғыз ұлының да теміржол саласында қызмет еткенін қалапты. Бірақ ұлы бүгінде ішкі істер саласында қызмет етеді. «Мен баламның теміржол саласында жұмыс істегенін қаладым. Алайда ұлым басқа саланы таңдады. Ол енді өзінің қалауы. Ең бастысы, жаны қалаған саланың майталман жұмыскері болса болды», – дейді.

Біз әңгіме барысында Асқар ағадан: «Еңбек ету, еңбекті сүю деген ұғымды қалай түсінесіз?» деп сұрадық.

«Еңбек, еңбек ету – бұл үлкен ұғым. Оның мағынасы кең. Білсеңіз, еңбек еткен адамның жолы ашық болады. Қазіргі жастар бірден айлығы көп жұмысқа барғысы келеді. Меніңше, жақсы айлық алу үшін біраз маңдай тер төгуге тура келеді. Ұлыма да еңбектің қадірін біл деп үнемі айтып отырамын.

Қазір технологияның заманы. Ұрпағымыз смартфонға байланған. Қазіргі балалар үйдің жұмысын да істегісі келмейді. Ал біз кішкентайымыздан еңбекке жегілдік. Ауыр жұмыстың барлығын атқардық. Бізді ерекше етіп

тұрған да сол, бала кезден ауыр жұмысқа дайын болғанымыз. Сондықтан еңбексүйгіштікке бала кезден баулыған дұрыс», – деп жауап берді.

Бүгінде Асқар аға отбасымен Қонаев қаласында тұрады. Еселі еңбектің өресіне шыққан теміржолшыға бейнетінің зейнетін көретін күн де алыс емес.

**МАҚПАЛ НОҒАЙБАЕВА,
Алматы облысы**



MENS WORLD BOXING CHAMPIONSHIPS TASHKENT 2023

СОНЫМЕН БОКСТАН КЕЗЕКТІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ДА ТАРИХТЫҢ ЖЫЛНАМАСЫНА ҚАТТАЛДЫ. ӨЗБЕКСТАН ЕЛІ ӘЛЕМДІК АЛАМАНДЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТКІЗІП БЕРДІ. АЙТПАҒЫМЫЗ, ТАБЫСТАН ТАУ ТҰРҒЫЗҒАН БОКСШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖЕҢІСІ ЖӨНІНДЕ. МЫРЗАҒАЛИ АЙТЖАНОВ БАПТАЙТЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА БОКСШЫЛАРЫ 13 САЛМАҚ ДӘРЕЖЕСІНДЕ ТАШКЕНТКЕ КЕРУЕН ТАРТҚАН. СОЛАРДЫҢ ІШІНЕН БЕСЕУІ ФИНАЛҒА ЖЕТТІ. ҚАЛҒАН БОКСШЫЛАР ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ЖЕТПЕЙ СҮРІНДІ.

Ең әуелі Санжар Тәшкенбайдың (48 келі) орасан жетістігін айтайық. Жастар арасынан ересектер дуына жаңа қосылған оғлан қалай жұдырықтасты! Жеңіл салмақта нокдаун жиі тіркеле бермейді. Санжар қарсыластарын ұрғанда шайқап жіберіп отырды. Тіпті бір-екеуін есеңгіретіп те алды. Финалдық айқаста грузиялық Сахил Алахвердобиді айқын басымдықпен ұтып, әлем чемпионы атанды. 54 келі салмақ дәрежесінде Махмұд Сабырхан әлем чемпионы атағы үшін өзбекстандық Ойбек Жұраевты айқын ұтты. Тіпті 3-раундта екі мәрте нокдаунға түсірді. 67 келі салмақта финалға шыққан Дулат Бекбауов (67 келі) салмақта күміс



медальді місе тұтты. 29 жастағы боксшының әлем чемпионатына алғаш рет қатысып, финалға шығуы аз табыс емес.

75 келі салмақ дәрежесінде ұлттық құрама капитаны Асланбек Шымбергенов өзбекстандық Сайджәмшит Жапаровты талассыз жеңді. Өзбектер өз елінде өтіп жатқан әлем чемпионатында айқын басымдық танытпаса, жеңісті жібергісі келмейтіні бұған дейін де байқалған. Капитан аянған жоқ, отыз жасында орда бұзып, әлем чемпионы атанды. Асланбектің еншісінде Азия құрлығының чемпионы, әскерилер арасындағы бүкіләлемдік ойындардың жеңімпазы сынды атақтары бар. Осы деңгейге жету жолында Шымбергенов қандай шыңдаудан өтпеді десеңізші. Тоғыз жыл бұрын 21 жасында Қазақстан чемпионы атанды, түрлі додаларға



қосылды дәл бүгінгідей ойқастай алған жоқ. Әлем чемпионы атанып, тұғырға қонғанда Асланбектің көзінің алмасы меймілдеп суланып сала берді. Қаншама жылғы еңбектің өтеуі ғой Ташкенттегі толайым табыс! Атқа қонарда қалың Алаштың алдында ел сенімін еңкейтпейміз деп уәде бергені және бар. Ұлттық құрама капитаны ретінде жауапкершілік жүгі де аз салмақ емес. Осындай аманатты арқалай жүріп әлем чемпионы атанғанда көз жасына ерік беруі ер жігітке де ерсі емес.

80 келіде сынға түскен егіздің сыңары Нұрбек Оралбай жартылай финалда ресейлік Имам Хатаевты ұтып, әлем чемпионы атағына қарыс қадам жақындай түскен. Финалдық жекпе-жекте Қытай қазағы Тоқтарбек Таңатқанды жеңді. Әлем біріншілігінің күміс жүлдегері атанған Тоқтарбектің



БИІККЕ ӨРЛЕДІ

ӘЛЕМНІҢ ТАҢДАЙЫН ҚАҚТЫРДЫ



жүректілігі тәнті етті. Әйтпесе, ол ширек финалда екі дүркін Олимпиада чемпионы, әлем біріншілігінің жеңімпазы атағынан ат үркетін кубалық Арлен Лопесті қалай тықсырды. Қытай елінің абыройын асырған этникалық қазақ боксшысының талантына Ташкентте талайлар тамсанды. Қытай құрамасы әлем чемпионатынан бір ғана медальді місе тұтты. Сол жүлдені осы Таңатқанның сойы Тоқтарбек олжалап алып берді. Айтпақшы, 80 келі салмақ дәрежесінде әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған Тоқтарбекті елге шақыру жайы да аз айтылмады. Жасыратыны жоқ, елімізде ауыр салмақ дәрежесінде олқы тұсымыз әлі де көп.

Осылайша, Тәшкенге апарған 13 боксшының бесеуі финалға шықты. Еншімізде 4 алтын, 1 күміс



медаль бар. Жалпыкомандалық есепте боксшыларымыз екінші сатыға жайғасты. Алдымызды тек өзбектер ғана орап, 5 алтын, 2 күміс, 2 қола медаль олжалады. Ресей құрамасы да, Куба боксшылары да бізден төмен тұр.

Рас, 2021 жылы өткен Токио жазғы Олимпиадасында боксшыларымыз қола медальді місе тұтқанда сын аз айтылмап еді. Тіпті үдеген сайын үлкейіп, әрең басылған. Қазақ боксына тоқырау төнді деп дабыл қаққандар да шықты. Ұлттық құраманың бас бапкері ауысты, құрамаға жас боксшыларды да тарту тәсілі іске қосылды. Өзбекстанға аттанар алдында құраманың бас бапкері Мырзағали Айтжанов кейбір салмақ дәрежелерінде үздікті анықтау қиынға соққанын, бәсекелестік өте жоғары болғанын айтты. Қазақстан бокс



федерациясының президенті Кеңес Рақышев спортшыларды жігерлендіру мақсатында әлем чемпионы атанғандарға өз қаражаты есебінен 100 мың АҚШ доллары мөлшерінде сыйақы беретін айтқан болатын. Ал Халықаралық бокс федерациясы (IBA) әлем чемпионы атанған боксшыға 200 мың, күміс жүлде алғанға 100 мың, қола медаль иегерлеріне 50 мың АҚШ доллары мөлшерінде сыйақы үлестірді. Одан бөлек, еліміздің мәдениет және спорт министрлігі өздерінің жарғысына сай, әлемдік додадан медаль алған спортшыларды қаржылай сыйақымен марапаттайды.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялап дербес ел атанғалы 16-мәрте әлем чемпионатына қатысып отыр. Осы уақытқа дейін 18 алтын, 16 күміс, 22 қола медаль еншіледік. Жиған медальдар саны жөнінен әлемде үштікте тұрмыз. Көк туымызды желбіретіп, Әнұранымызды шырқатқан боксшыларымызға алдағы додаларда да олжа салуына тілеулестік білдіреміз!



«СӨЗ ТІРКЕСІ» ЕМЕС, «СӨЗ БАЙЛАМ»

Бала күнінде Мұзағанның педучилищеде бірге оқитын курстасы, жан досы Әйтiш Мәлікұлы қатты ауырып, ауруханаға түседі. Науқастың диагнозын дұрыс анықтай алмаған дәрігерлер баланы өлтіріп ала жаздайды. Мұзафарды ашу қысып:

– Ебі жоқ дәрігердің емі де жоқ, – дейді.

Бұл он алты жастағы Мұзафардың тұңғыш нақылы еді. Сол нақыл ұлт әдебиетінің келешек классигі болатынына көрінгендей екен. Бір кездегі бала нақыл уақыт өте келе ата нақылға айналды. Тілімізде «Мұзаған айтқан екен» деген байлам қалыптасты.

Қазақ бүлдіршіндеріне «Балдырған» журналын ашып берген Мұзафар Әлімбаев (Мәлім, М.Маралдин) өнер-өмір жолында кездесіп, әңгімесін тыңдаудың да талай мәрте сәті түсті. Әсіресе, оның жастарға деген ықыласы, қамқор көңілі айрықша болатын. Бірде менің «Өнер-өмір» деген кітабымды оқып қана қоймай, «Егемен Қазақстанның» бір бетіне «Ақиқаттан айнымаудың абыройлылығы» (25.06.2005 ж.) деген мақаланы

«ҰШЫП БАРА ҰСТАП АЛАТЫН



жарқ еткізгені бар. Атап айтар бір қасиеті – қай басылымда жүрсең де өзінің пікірін, көзқарасын білдіруді ұмытпай, уақыт тауып отыратын. Әсіресе, «Жас алаштағы» күндерімізде Мұзаған бізге көп жанашыр болды.

Бірде ол: «Осы Нұртөреге де айтқан болармын, сендердің қыздарың пысық. Жазуы жойқын. Бұл жігіттерді елемегенім емес. Өзі бұрын журналист әйелдерге көзқарас дұрыс емес еді ғой. Қазақтың қыздарының, әсіресе, «Жас алаштың» қыздарының сол көзқарасты келмеске кетіргеніне ризамын. Нұртөренің өткендегі

Оралхан жөніндегісі өте трогательный, жүректен шыққан дүние екен», – деді.

Мұзағанның қашанғыдай сергектігіне, баспасөздегі, әдебиеттегі процестерді жіті бақылап отыратын әбжілдігіне қайран қалмасқа әддің жоқ.

«Қали қарағым, ана «туылған» дегенді қойыңдаршы осы. Сосын «ғаламат» сөзі төңірегінде де ұшқары пікір айтып жібердіңдер. Мен өзім әр нәрсеге редактордың көзімен қарап үйренгенмін. Дағды қалмайды ғой», – деп телефон шалатын Мұзаған сөзінің аяғын жұмсартып та кетеді. Мұндайда ұқсап баққан да жөн бе деп ойлайсың. Әлде әлгі ескертулердің әсері ме, кейде запастағы мыңдаған

жол материалдарды үйге алып кетіп, тағы бір мәрте шоламын. Өзімше Мұзағанның көзімен қараймын. Пайдасы болмаса, зияны жоқ, әрине. Есесіне, кейбір материалдардың тақырыбы жаңаланады, ойға ой қосылады т.т.

Қазақта «мұзафаризм-афоризм» деген сөз бар. (Бұл «измді» қазақтың түбіне жеткен «измдермен» шатастырмаңыз). Осылай деп қағытқан кейбір құрдастарына «біреудің ақылдылығын күндеу, өзінің ақымақтығын білмеу» дей салады. «Мені осылай шенеген шұнақтардың ел құлағында қалған бір елеулі сөзі жоқ», – дейді тағы

ЖАТҚАН СӨЗДІ ӘЛІМБАЕВ»



Мұзағаң маңғаз ғана. Ол ескі сөз бен жаңа сөздің сырына қатты үңіледі.

кісі жөнінде көп айтпаймыз), Әлімбаевтардың арқасы. Кеңес заманында бейнелі сөйлегіміз келсе, «Аврора» мұзжарғышы

Мұзағаң аударып, құрастырған «Маржан сөз» бен өз жанынан шығарған қаншама нақылдар әркімнің жадында болса,



«Сонсоң мынаны ескеріңдер: «сөз тіркесі» емес, «сөз байлам», ал «сөз саптау» дегенде жетісіп тұрған жоқ», – дейді.

КЕМЕҢГЕРДІҢ КӨЗІ

Қазақ сөзінің табиғи қалпын бұзбай бүгінге мөлдіреп жеткені де, басқасын былай қойғанда, кешегі Жарылғаповтардың (осы

туралы айтушы едік қой. Қазақ сөзіндегі мұзжарғыштардың бірегейі Мұзағаңа бір кісі қазақтың нақылын, мақалын біршама білетіндігін айтып, мақтанады. Мәселен, «Үйлену оңай, үй болу қиын», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» (орыстың мақалынан аударған) дейді. Әрине, бұл нақылдар авторы Мұзағаң екенін білмегеніне әлгі азамат кінәлі емес. Өйткені ол халықтың сөзіне айналып кетті. Мұзағаңа да керегі сол ғой.

қазақтың сөзі құдіреттене берер еді. Бір ғажабы «Маржан сөз» кеңес заманының өзінде Қытайда екі рет жарық көрген екен.



Қали СӘРСЕНБАЙ,
қаламгер

**АЛМАТЫДА ШАҒЫН ФУТБОЛДАН
ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДА БЕЛГІЛІ
СПОРТ КОММЕНТАТОРЫ АМАНГЕЛДІ
СЕЙІТХАНДЫ ЕСКЕ АЛУ ТУРНИРІ
ӨТТІ. АЛА ДОПТЫҢ АЛАМАНЫНДА
ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН
КЕЛГЕН 16 КОМАНДА БАҚ СЫНАДЫ.**

«ЖЕҢІСТІ КҮНДЕРДЕ ЖҮЗДЕСКЕНШЕ!»



**Несіп ЖҮНІСБАЙ,
жазушы, спорт журналисі:**

«Амангелді өле-өлгенше өзінің ғұмырын спортқа арнады. Оның соңында қаншама азаматтар осы спорт журналистикасын керемет өнер деп еріп келе жатыр. Спорттың жазылуын, спорттың насихатталуын мұнанда биік дәрежелерге жеткізеді, жеткізе берсін».

**Берік УӘЛИ,
«Хабар» агенттігінің
басқарма төрағасы:**

«Амангелді Сейтхановтың осындай жанашыр шәкірттері, әріптестері, достары барда, ол кісінің рухы қашанда шат болады деп ойлаймын. Мәңгі есімізде қалады. Бұйырса, халықаралық деңгейге көтерсек деп отырмыз. Қырғызстандағы, Өзбекстандағы, Қытайдағы, Моңғолиядағы, Грузиядағы әріптестерді шақырып, алысжақын шетелден келсе дұрыс болады. Біз мұны министрлік деңгейінде көтеріп, шешетін ойымыз бар».

Осымен екінші мәрте жалауын желбіреткен республикалық турнирді «Хабар» агенттігі ұйымдастырды. Ақпарат құралдарының өкілдері спорт және туризм академиясының жасыл алаңында бақ сынасты.

Жарыста үздік нәтиже көрсеткен Қызылорданың «Ақмешіт» командасы чемпион атанса, екінші орынды астаналық «Қазмедиа» командасы жеңіп алды. Үшінші орынды «Атырау-Ақпарат» командасы иеленді.



**Бекасыл СЕЙІТХАНОВ,
А.Сейітхановтың ұлы:**

«Ең бірінші мақсат – бұл жерде Амангелді Сейітханның рухын сыйлаған қазақ елі. Сол себепті біз өте қуаныштымыз. Осындай жарыстар болашақта бола берсе деген ойдамыз».



**Бас редактор —
директор**

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)